

Есеп беру
өткізілген консультациялар туралы
«Қант қызылшасының тұқымын өсірудің
инновациялық технологиясы»
тақырыбында
«Көкөніс дақылдары (ашық жабық
жерде), картоп, қант қызылшасы»
бағыты бойынша

Өткізген уақыты:
«17» шілде 2025 жыл

Кеңес беру орны: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Кенжыра ауылы,
Сатай Табылғанұлы 1 үйі.

Сарапшы:  Мусагоджаев Н.Т.
(Қолы)

«Қант қызылшасы» бағыты бойынша агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің мониторингі

КХ «Қуаннұр». Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Кенжыра ауылы, Сатай Табылғанұлы 1 үй.

Байланыс деректері: ұялы телефон.87719992939

Жетекшісі: Әлғазы .Қ

Шаруашылықтың бағыты : өсімдік өсіру,

Өсімдік шаруашылығы: қант қызылшасы өндірісі 250 тонна,

Арпа 100 тонна, жем: 90 тонна.

Жалпы егіс көлемі: 500 га, оның ішінде суармалы 400 га.

Қант қызылшасы 200 га, арпа 150 га, мал азығы 150 га.

Кәсіпорынның қуаттылығы: қант қызылшасының тауарлық өнімі 250 тонна, арпа 90 тонна.

Шаруашылық басшысы : Әлғазы Қ. Сұрақ: Қант қызылша ауруларын алдын алу шаралары қандай ?

Қант қызылшасының аурулары (ақ ұнтақ және церкоспороз) қарсы тиімді тәсілдердің бірі – химиялық препараттарды (скор, импак, фундазол) шашу жапырақта кездесетін ауруларға өте тиімді. Жоғарыда аталған аурулар ауа райына байланысты маусым айының соңында немесе шілде айының басында шығады. Сондықтан аурудың алғашқы белгісі байқалған жағдайда жоғарыда көрсетілген препараттарды қолданған жөн. Егер аурудың деңгейі 5-7 пайызға жеткенде қолданылса, аталған фунгицидтердің тиімділігі болмайды. Себебі, аурудың споралары (конидийлары) екі-үш күн ішінде бүкіл алқапқа тез тарайды. Жоғарыда келтірілген препараттардың ішіндегі ең тиімдісі әр гектарға 4л скор шашу болып табылады.

Ал жоғарыда аталған дақ ауруларының таралуын азайту үшін ауыспалы егістіктің пайдасы зор. Сонымен бірге осы аурулардың қоздырғыштары қыстайтын өсімдік қалдықтары мен жапырақтарын жою керек. Ол үшін күз айларында терең етіп сүдігер жыртамыз. Себебі, ақұнтақ ауруының қоздырғышы клейстотеции және конидий түрінде, ал церкоспороз қоздырғышы строма түрінде өсімдік қалдықтарында қыстап шығады. Аурудың алғашқы белгілері маусым айының алғашқы күндері немесе 4-5 қос жапырақ шыққанда пайда болады..Ақ ұнтақ - ең қауіпті аурулардың бірі. Бұл бірінші жылы фабрикалық қызылшаны және екінші жылы тұқымдық қызылшаны зақымдайды. Ауру көп таралған кезде өсімдіктің барлық мүшесін ақ ұнтақ басып кетеді. Ақ ұнтақпен ауырған қызылша жапырақтағы қанттың және басқа органикалық заттардың синтездеу процесі бұзылады,


қоректік заттардың тамыржеміске баруы нашарлайды. Осыдан кейін жапырақтар сарғаяды да құрай бастайды. Ақ ұнтақ ауруын тудыратын микроорганизмдер өсімдік қалдықтарында, аналық қызылшаның басында және тұқымда қыстап шығады. Қызылша егісін арамшөп жапырақтары мен тамыржемістерінің қалдықтарынан әбден тазарту арқылы ауруды жоюға болады. Қызылшаны ауыспалы егісте жақсы алғы дақылдан кейін орналастыру, тыңайтқыштарды дұрыс пайдалану, суаруды дұрыс жүргізу және басқа агротехникалық шаралар арқылы қызылшаның ақ ұнтақ ауруына қарсы төзімділігін арттыруға болады.

Жапырақтың мезгілінен бұрын сарғаяуы өнімді 10-20 процент, қанттылықты 0,5-1,5 процент кемітеді. Ақ ұнтақ ауруымен ауырған тамыржеміс қағатта сақталу кезінде шірік ауруына көп шалдығады. Ақ ұнтақ ауруы шілде айынан бастап, қазан айына дейін қызылша алқаптарына жаппай таралады. Сондықтан қант қызылшасын еккенде ақ ұнтақ ауруына қарсы фунгицид препараттармен 15-20 күн аралығында 2 рет химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу керек. Алғашқы дәрілеуді аурудың белгілері біліне бастағанда жүргізеді. Химиялық өңдеу жұмыстарына төмендегідей фунгицидтерді қолдану керек, ТОСИН-М 70% с.п (0,6-0,8кг/га), СКОР 250 к.э. (0,4л/га), КОЛФУГА-СУПЕР 20% в.с.2,0л/га, ИМПАКТ 12,5 с.к. (1,0 кг/га), БАИЛЕТОН 25 с.п (0,6 кг/га)


с.п. (0,6-0,8кг/га), СКОР 250к.э.(0,4л/га), ДЕРАЗОЛ 50% с.п.(0,6-0,8кг/га) АЛЪТО 40с.к.(0,15 л/га.) **Эксперттің ұсынысы:** Арнайы ақ ұнтақ ауруына қарсы фунгицид препараттармен 15-20 күн аралығында 2 рет химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу керек препараттардың ішіндегі ең тиімдісі әр гектарға СКОР 250 к.э. (0,4л/га), шашу болып табылады

Жүгері және кумай дақылдары зертханасының меңгерушісі , Phd доктор
Мұсагоджаев Н. Т.

Фото-отчет:



Кеңес беру журналы
 Қызмет көрсету шартына сәйкес № 5 от «10» 2025 жыл
 «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС базасында

| № п.п. | Кеңес беру күні | Консультацияға арналған сұрақ (агроөнеркәсіптік кешен субъектісінен және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы басқа да мүдделі тұлғалардан) | Ақпаратты алушының толық аты-жөні, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (агроөнеркәсіптік кешен субъектісі және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы басқа да мүдделі тұлғалар | Қол қою ақпаратты алушы (агроөнеркәсіптік кешен субъектісі және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы басқа да мүдделі тұлғалар | Консультация жүргізген сарапшының аты-жөні, телефоны, электрондық пошта мекенжайы | Консультацияның қысқаша мазмұны |
|-----------|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 17.07.2025 | Қант қызылшасын ауруларын алдын алу шаралары қандай ? | Әлғазы Қ. КХ (Қуаннұр) Жетісу облысы Ақсу ауданы тел 87719992939 |  | Мусағоджаев Нурсултан Тулюгинович Тел. +7 705 454 35 00 @mail.ru | Қызылша егінін күтіп-баптауға оның негізгі жұмыстарын жүргізу және ауруларға төзімділігін зерттеу жұмыстарын жасау ,негізгі гербицид ,пестицид қолдану негізгі аурулары ак ұнтақ тамыр шірігі оған қарсы борей интeксикцид қолдану қажет Барлық вегетация кезеңінде жоспарлы жұмыс жасалу қажет. |